

## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 800	▼ -0,24%	▲ 15,9%
NASDAQ	23 111	▲ 0,23%	▲ 19,9%
DJIА	48 114	▼ -0,62%	▲ 13,5%
CBOE Volatility Index (VIX)	16	▼ -0,12%	▼ -8,1%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	9 685	▼ -0,68%	▲ 17,2%
DAX	2 040	▼ -0,54%	▲ 19,6%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	25 235	▼ -1,54%	▲ 28,6%
Nikkei 225	49 558	▼ -1,22%	▲ 24,2%
Shanghai SE	3 825	▼ -1,11%	▲ 17,2%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 032	▲ 0,00%	▲ 23,8%

### Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сейсенбі күні қор нарықтары аралас динамикамен жабылды: S&P 500 0,24%-ға төмендеп, \$6 800,26 деңгейінде аяқталды; Nasdaq Composite 0,23%-ға өсіп, \$23 111,46-ға жетті; DJI 0,62%-ға төмендеп, \$48 114,26 болды. S&P 500 құрамындағы 11 сектордың 10-ы сауда барысында төмендеу көрсетті. Ең алсіз нәтижені Energy (-3,4%), Health Care (-1,4%) және Real Estate (-1,0%) секторлары көрсетті. Өсім тек Communication Services секторында (+0,1%) тіркелді.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 765 302 645 335	0,1%	2,6%	12,4%
Consumer Discretionary	6 704 363 543 610	-0,2%	7,9%	7,8%
Consumer Staples	2 857 246 718 119	-0,2%	4,3%	-4,8%
Energy	1 646 777 261 635	-3,4%	-4,0%	0,6%
Financials	8 469 361 474 993	-0,4%	7,5%	8,4%
Industrials	4 758 942 756 254	-0,6%	5,2%	7,6%
Information Technology	20 239 898 284 980	0,0%	5,5%	21,3%
Materials	981 039 731 522	-0,6%	5,0%	2,0%
Real Estate	1 084 660 400 590	-1,0%	-0,7%	-9,8%
Utilities	1 279 819 588 098	-0,6%	-3,8%	11,7%
Health Care	5 664 140 055 266	-1,4%	2,5%	5,0%

Сейсенбі күні Уолл-стриттегі сауда-саттық жалпы алғанда төмендеумен аяқталды: нарыққа денсаулық сақтау және энергетика секторларындағы сатылымдар қысмыр көрсетті. Осыған қарамастан, Nasdaq индексі өсім көрсетіп, жалпы нарықтық үрдіске қарсы қозғалды. Инвесторлар келесі жылға арналған Федералдық резервтік жүйенің ақша-кредит саясатының ықтимал бағытын бағалау үшін кейінге қалдырылған макроэкономикалық деректерді талдауға назар аударды.

Еңбек министрлігі жариялаған мәліметтерге сәйкес, қараша айында ауыл шаруашылығынан тыс жұмыспен қамту қазан айындағы мемлекеттік шығыстардың қысқаруына байланысты төмендеуден кейін 64 мыңға өсті. Сонымен қатар, жұмыссыздық деңгейі 4,6%-ға дейін көтерілді, бұл президент Дональд Трамптың қатаң сауда саясаты аясында экономикалық белгісіздіктің күшейгенін көрсетеді.

Экономикалық жағдайды бағалауда қосымша фактор ретінде бөлшек сауда бойынша есеп жарияланды: қазан айында олардың көлемі өзгеріссіз қалды, бұл Reuters сауалнамасына қатысқан экономистер күткен 0,1% өсімнен сәл төмен болды. Сарапшылар деректердің жуырдағы үкімет жұмысының тоқтатылуына байланысты ақпарат жинаудың баяулауына бұрмалануы мүмкін екенін атап өтті.

Осы жарияланымдар аясында нарық қатысушылары пайыздық мөлшерлемелер бойынша күтулерін қайта қарап, келесі жылы кемінде 58 базистік пунктке төмендеу ықтималдығын бағалауда. Бұл көрсеткіш ФРС өткен аптада мәнзеген 25 базистік пункттен екі еседен астам жоғары.

Инвесторлардың қосымша назарын Wall Street Journal басылымының хабарламасы аударды: онда сәрсенбі күні Дональд Трамп Федералдық резерв жүйесі басқарушылар кеңесінің мүшесі Кристофер Уоллермен ФРС төрағасы лауазымына қатысты сұхбат өткізуді жоспарлап отырғаны айтылды.



Корпоративтік деңгейде ең үлкен қысымды Health Care секторы сезінді: тиісті индекс 1,28%-ға төмендеді. Pfizer акциялары компания COVID-19 препараттары сатылымының төмендеуі мен пайданың қысқаруы аясында 2026 жыл күрделі болады деп болжағаннан кейін 3,4%-ға арзандады. Humana қағаздары сақтандыру компаниясы басшылық құрамындағы нақтыланбаған өзгерістер туралы хабарлаған соң шамамен 6%-ға төмендеп, сектордағы жағымсыз көңіл күшейтті.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	358	0%	30,7%
Банк ЦентрКредит	4 719	0%	105,9%
Kcell	3 408	0%	0,8%
Казатомпром	29 750	0%	45,5%
КазТрансОйл	923	0%	12,2%
KEGOK	1 457	0%	-4,2%
Kaspi.kz	40 196	0%	-26,7%
КазМунайГаз	21 634	0%	47,9%
Эйр Астана	885	0%	-22,5%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	515,25	0,03%	-1,8%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	11,00	0,79%	-21,4%
EUR/USD	1,1746	-0,05%	14,4%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>  
Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.